

**2024 жылғы «17» қаңтардағы  
«№8 бөбекжайы» КМҚК  
Ата - аналар жиналысының  
№3 ХАТТАМАСЫ**

Қатысты: «Жидек», «Пчелка», «Балапан», «Цветочек», «Тамшы», «Гномики», «Көбелек», «Қарлығаш», «Ромашка», «Капелька», «Жидек», «Ягодки» топтарынан 27 ата - ана.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2024 жылғы 3 қаңтардан бастап мектеп жасына дейінгі балалардың тамақтануына бағаны көтерудің орындылығы туралы түсіндіру жұмысы.  
Меңгеруші Берсугурова З.К.
2. Қызылша. Белгілері, лечение алдын алу.  
Эпидемиолог - дәрігер Оразалиева А.Ж.
3. Ата-ананың жеке кабинетінде қатысу табелін тексеру»  
Меңгеруші Берсугурова З.К.

**ТЫҢДАДЫ:**

1. Меңгеруші Берсугурова З.К. қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақшада тамақтануды ұйымдастыру қандай қағидаларға негізделгенін түсіндірді. Балабақшада 10 күндік мәзір негізінде 5 реттік тамақтану ұйымдастырылған. Бұл апта ішінде тағамдарды дұрыс таратуға, тағамдардың алуан түрлілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің балалар балабақшада таңғы сағат 7.00-ден кешкі 19.00-ге дейін, аптасына бес күн болады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы, дамуы және әл-ауқаты балабақшадағы дұрыс ұйымдастырылған тамақтануға байланысты.
2. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қаласының №4 емханасы» КМК эпидемиолог - дәрігері Оразалиева А.Ж. ата – аналардың назарына «Қызылша-вирустық инфекция» тақырыбында хабарлама ұсынды, ол өте жоғары сезімталдықпен сипатталады. Егер адам осы инфекцияға қарсы екпе алмаған болса болса, онда науқаспен байланыста болғаннан кейін инфекция 100% жағдайда болады, қызылша ауруымен байланыста болғаннан бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейінгі кезең 7-ден 14 күнге дейін созылады. Ауру айқын бас ауруынан, әлсіздіктен, температураның 40 градусқа дейін көтерілуінен басталады. Біраз уақыттан кейін бұл белгілерге мұрынның ағуы, жөтел және тәбеттің толық болмауы қосылады. Конъюнктивиттің пайда болуы қызылшаға өте тән, бұл аурудан жалғыз сенімді қорғаныс-қызылшаға қарсы екпе алу.
3. Меңгеруші Берсугурова З.К. ата-аналарға 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап ата-ананың жеке кабинетінде «Келу табелін тексеру» жаңа модулі қосылатынын, онда келу табелін қарау мүмкіндігі бар екенін таныстырды. Енді ата-аналар келу табелінде қалуларды растауы керек. Растауға ата-

аналарға 5 жұмыс күні беріледі. 2024 жылғы 1-7 ақпан аралығында 2024 жылғы қаңтардағы қалуларды растау қажет болады. Барлық ата-аналарда жұмыс істейтін ed24.kz қосымшасы болуы керек.

### **АЖ ШЕШІМІ:**

1. Бұл ақпаратты әр жас тобындағы WhatsApp топтық чаттарында балабақшаға баратын балалардың ата-аналарына жеткізу.
2. Ата-аналар білім беру үдерісінің қатысушылары ретінде осы бағыттардағы МДҰ жұмысын бірауыздан қолдады. Осы мәселелер бойынша алған білімдерін бірауыздан пайдалануға қабылдады.
3. Келу табелін бекіту мерзімдерін сақтау туралы шешім қабылданды.

**Меңгеруші**



**Берсугурова З.К.**